

«БЕКІТЕМІН»

Қызылорда медициналық жоғары
колледжі директоры

 Ж.А. Қалмақова

«03»  2024 жыл



Қызылорда медициналық жоғары колледжі
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде
ТӘРБИЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жылы

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының
2-қосымшасына сәйкес*

I. Тәрбие жоспарының негізі:

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы идеясын ұсынды.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы № 194 бұйрығы шықты.

Қызылорда облысы Білім басқармасының 2024 ж.05.08. «Қызылорда облысы білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары»

II. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының идеясы:

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт»

III. Ұстанымымыз:

«Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

IV. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамытуда білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

күнделікті:

«**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«**Үнемді тұтыну**» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«**Күй күмбірі**» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

апта сайын:

«**Менің Қазақстаным**» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

«**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас;

Өмірге салауатты қадам;

Қоғамдық мүлікті қорға!

Қауіпсіз қоғам.

жылсайын:

«ДосболЛІКЕ» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.

«Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу.

«Ақындар айтысы» – Республика күні мерекелеу қарсаңында жасақандар-дың сайыстарын өткізу.

Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім

алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу.

Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі.

«Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша)

2024-2025 оқу жылындағы атаулы күндер тізбесі

- Түркі ғалымы Махмұд Қашқаридің туғанына 995 жыл (1029-1101)
- Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының туғанына 840 жыл (1184-1227)
- Жошы ұлысына 800 жыл (1224)
- Қазақ ханы Қасым ханның туғанына 580 жыл (1445-1521)
- Тарихшы, философ Мұхаммед Хайдар Дулати туғанына 525 жыл (1499-1561)
- Ақын, қолбасшы Махамбет Өтемісовтың туғанына 220 жыл (1804-1846)
- Ғалым, мемлекет қайраткері Санжар Асфендияровтың туғанына 135 жыл (1889-1938)
- Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл (1924-1988)
- Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл (1894-1943)
- Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл (1995)
- Қазақ тілтанушысы, филология ғылымдарының докторы Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызының туғанына 100 жыл (17.08.1924–04.07.2020)
- Тарихшы–этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл (21.09.1924–08.08.1998)
- Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл (13.10.1924–1992).
- Қазақ тіл білімі–түркітанушы Абдуали Қайдаровтың туғанына 100 жыл
- Ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл (1894–1938)
- Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл (10.09.1894–1939)
- Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл (15.10.1894–25.02.1938)
- Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл (15.11.1894–26.02.1938)
- Әдебиеттанушы Телжан Шонановтың туғанына 130 жыл (1894–1938)
- Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110 жыл (15.02.1915–6.05.1966)
- Ақын Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл (20.03.1935).
- Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының туғанына 80 жыл (1.05.1945–2014).

№	Іс шараларатауы	Аяқталунысаны	Жауаптыорындаушылар	Орындаумерзімдері
Қыркүйек Еңбекқорлық пен кәсібилік				
Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)				
1	1 қыркүйек – Білім күні 1. «Білім күні. Бейбітшілік күні!». Білім күніне арналған салтанатты жиын. 2. «Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері» 1 курс студенттеріне арналған тақырыптық сағат. 3. «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!». Тәрбие сағаттары (2,3,4 курстар)	Іс-шаралар жоспары, әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау хаттамалар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кураторлар Бөлім меңгерушілер	1-апта
2	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу «Мемлекеттік тіл – ұлт тірегі!»	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері әдіскер, ЖІП бірлестігі	1-апта
Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!				
3	Отбасы күніне арналған	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік		2-апта

	<p>шаралар:</p> <p>1. «Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя!». Кураторлық сағат.</p> <p>2. «Қыз бала – отбасының шырайы». Қыздар кеңесі.</p> <p>3. «Педагогтер мен ата-аналар: шиеленістердің алдын алу жолдары». Педагогтерге арналған әдістемелік сағат.</p> <p>4. «Отбасым – менің мерейім». Ұлттық құндылықтар студенттер көзімен. Психологиялық тренинг</p> <p>5. «Менің отбасым – менің байлығым!». Сурет көрмесі. (Челлендж «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»)</p>	<p>желілерде жариялау, жұмыс материалдары</p>	<p>Директордың тәрбиеісі жөніндегі орынбасары,</p> <p>кураторлар, қыздар клубы</p> <p>бөлім меңгерушілері,</p> <p>әдіскер,</p> <p>психолог,</p> <p>кітапханашы,</p>	
4	«Кел, танысайық!» Тренинг. 1 курс.	Әдістемелікәзірлеме, әлеуметтікжелілердежариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар Психолог әлеуметтік педагог	2 апта
Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)				
5	Спорттық/ұлттық ойындар ұйымдастыру және өткізу. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, спорт жарыстарының хаттамалары, анықтамалары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, ЖБП-3/Дене шынықтыру мұғалімдері	3-апта

6	«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде...» Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау, анықтама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, құқық қорғау органының қызметкерлері	3-апта
Апта дәйексөзі: Еңбек – жайғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. (Абай)				
7	Колледждің жалпы ата-аналар жиналысы: 1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы және алдағы міндеттерді анықтау. 2. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы». Ата-аналарға арналған семинар	Хаттама	Колледж әкімшілігі Кураторлар Психолог ЖБП-1 бірлестігі	4-апта
8	«Студенттік өмір – жарқын сәттер кезеңі». Студенттер қатарына салтанатты қабылдау шарасы	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар, Жастар істері жөніндегі инспектор Студенттер Альянсы	4-апта
9	«Ойынға салауатты көзқарас». Салауатты әдеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша шеберлік сабақтарын өткізу. 1-2 курсы.	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, Психолог Әлеуметтік педагог Емдеу ісі-1 бөлімі	4-апта

	(«Ойынға салауатты көзқарас» алдын алу шаралары)			
Қазан Тәуелсіздік және отаншылдық				
Апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сәнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!				
10	Халықаралық қарттар күніне арналған шаралар: 1. «Қарты бардың – қазынасы бар». Кураторлық сағаттары. 2. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты». «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық акциясы («Қамқор» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар, Жастар істері жөніндегі инспектор	1-апта
11	Кәсіптік техникалық білім беру қызметкерлері күні (Еңбек нарығында орта медициналық мамандар даярлаудың жай күйі) Кездесу өткізу	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар Жастар істері жөніндегі инспектор Жастар рухы Арнайы пәндер-1 бірлестігі	Қазан
12	«Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт!». Мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғаліміне/ сүйікті тәрбиешісіне арналған бейне хабарлама түсіру челленджі («Шабыт» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар жастар істері жөніндегі инспектор, Студенттік парламент	1-апта

			Барлық бөлімдер	
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
13	«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады». Дебат. («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, Жастар істері жөніндегі инспектор «Global»дебат клубы	2-апта
14	«Ұлылар ізімен». Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл.Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Тәрбие бөлімінің меңгерушісі Кураторлар	2-апта
15	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы: колледж ауласын тазалау, («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Тәрбие бөлімінің меңгерушісі Кураторлар Студенттер Альянсы	2-апта
16	Колледж парламентінің президентін сайлау	Сайлау материалдары, әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, парламенті жоба жетекші	Қазан айының үшінші сенбісі
17	«Республика күнін мерекелеу қарсаңында «Жыраулар елдікті жырлайды»	Жыраулар үйімен байланыс	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, КураторларҚолдан балы бакалавриат бөлімі	Қазан

18	«Достық заңынан асқан заң жоқ!». «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» мүшелерімен және «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерімен мотивациялық кездесу.	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, «Қазақстан халықтар Ассамблеясының» жергілікті мүшелері Мейіргер ісі бөлімі	3-апта
Апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
19	«Жалындаған жастық шақ!» сурет көрмесі. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау, өмірге деген тұрақты оң ұстанымды қалыптастыру	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ЖКП-2 бірлестігі кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор	3-апта
20	«Медиақауіпсіздік әлемінде». Құқықтық сағат. 1-2 курстар («Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы)	Жұмыс жоспары, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, Пиар менеджер	3-апта
21	«Күзгі асар». Күзгі егіннің табиғи материалдары көркем сыйларын пайдалана отырып, қолөнер бұйымдарынан көрме жасау. («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Фармация бөлімі Кураторлар	3-апта
22	«Тәртіпке бағынған құл болмайды». Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу	Хаттама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары кураторлар құқық қорғау органының қызметкерлері	3-апта

Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!				
23	«Менің елім – Қазақстаным!». Республика күніне арналған салтанатты шара	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары кураторлар Жастар рухы ЖБП-2 бірлестігі	4-апта
24	«Мамандығымның сырлары». Емдеу мекемелеріне саяхаттар. («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың өндірістік оқыту және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Арнайы МІН пәндер-1 бірлестігі Кураторлар,	4-апта
25	Әдептілік – әдемілік белгісі: адамгершілік негіздері». Тренинг. («алдын алу шаралары»)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары кураторлар Психолог	4-апта
Қараша Әділдік және жауапкершілік				
Апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!				
26	Ғалым, мемлекет қайраткері Санжар Асфендияровтың туғанына 135 жыл (1889-1938) Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
27	«Кітап – сарқылмас рухани». Әдеби кейс («Оқуға құштар колледж» жобасы)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары кураторлар	1-апта

			Кітапханашылар АП-2 бірлестігі	
28	«Мамандығым-мақтанышым» Облысқа белгілі дәрігерлермен кездесу	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы, оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасарлары, Емдеу ісі-2 бөлімі кураторлар	1-апта
Апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!				
29	«Өңірдің экологиялық мәселелері және оларды шешу жолдары». Кураторлық сағат.	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ЖКП-1 бірлестігі кураторлар	2-апта
30	Халықаралық студенттер күніне орай өткізілетін шаралар: 1. Өзін өзі басқару күні; 2. «Спорт – бақытқа бастар жол». («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жарыстардың хаттамасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар Студенттік парламент ЖБП-3дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары	2-апта
Апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі				
31	«Ұлағатты отбасы – ұлт құндылығы». Сахналастырылған қойылымдар конкурсы. Отбасы үйімен байланыс («Шабьт»жобасы)	Сценарий, әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар Даналық мектебі	3-апта
32	«Тапқыр болсаң озып көр».	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік	Директордың тәрбие жұмысы	3-апта

	Интеллектуалдық ойын. («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	желілерде жариялау	жөніндегі орынбасары, кураторлар Арнайы фармациялық пәндер бірлестігі	
Апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!				
33	TEDx форматындағы «Startup» байқауы: Инновациялық идеялардың презентациясы. («SMART BALA» жобасы)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары кураторлар Арнайы МІН-2 пәндер бірлестігі Жастар ісі инспекторы	4-апта
34	«Өмірге салауатты қадам». Нарколог дәрігерлермен кездесу. («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары кураторлар колледж медбикесі, әлеуметтік педагог, учаскелік инспектор, нарколог-дәрігерлер	4-апта
35	«СПИД – қасірет қақпаны». Дүниежүзілік ЖИТС-пен күресу күніне орай медицина саласының қызметкерлерімен кездесу («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Кураторлар Колледж медбикесі АП-3 бірлестігі	4-апта
Желтоқсан Бірлік және ынтымақ				
Апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады				

36	«Мен оқып шықтым, сізге де оқуға кеңес беремін». Библио-жарыс. («Оқуға құштар колледж»)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар кітапханашы Емдеу ісі-3 бөлімі	1-апта
37	«Халық пен тіл – тамыры терең қос емен». Кураторлық сағат («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
Апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді				
38	Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Адалдық – адамгершілік белгісі».Дебат. («Ұшқыр ой алаңы»жобасы)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы, Студенттер Альянсы Дебат клубы	2-апта
39	Тәуелсіздік күніне арналған шаралар: Мен өз елімді мақтан тұтамын. Кураторлық сағат. «Тәуелсіздік – бастауы бар бақыттың!». Өлең оқу челленджі. «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!». Салтанатты шара.	Әдістемелік әзірleme, Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар, ӘЭП бірлестігі	2-апта
Апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас				

40	«Бірлігі жоқ ел тозады». Елге белгілі қоғам қайраткерлерімен кездесу Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Арнайы стоматологиялық пәндер бірлестігі кураторлар	3-апта
41	Келісім мен ынтымақ – жетістіктің кепілі. Эссе	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар ЖІП бірлестігі	3-апта
Апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған				
42	«Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг». Ата-ана сағаты («алдын алу шаралары»)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар Даналық мектебі	4-апта
43	«Ынтымақ – бұзылмайтын қорған». Жастар ресурстық орталығының мамандарымен кездесу	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар Жастар ісі жөніндегі инспектор Жастар ресурстық орталығының мамандары	4-апта
Қаңтар Заң және тәртіп				
Апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар				
44	«Таза сессия» акциясы: 1. «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ». Құзырлы орган	Хаттама, әдістемелік әзірleme, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар, құзырлы орган	1-апта

	<p>қызметкерлерімен кездесу.</p> <p>2. «Біз жемқорлыққа қарсымыз».</p> <p>Кураторлық сағат.</p> <p>3. «Жемқорлыққа жол!»</p> <p>Студенттерден сауалнама алу</p> <p>(«Саналы ұрпақ» жобасы)</p>	<p>желілерде жариялау,</p>	<p>қызметкерлері</p> <p>Комплайнс</p>	
<p>Апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы</p>				
45	<p>«Кітап айналымы» акциясы:</p> <p>буккроссинг бұрышын толықтыру</p> <p>және жаңарту.</p> <p>(«Балалар кітапханасы» жобасы)</p>	<p>Әлеуметтік желілерде жариялау</p>	<p>Директордың тәрбие жұмысы</p> <p>жөніндегі орынбасары,</p> <p>кураторлар,</p> <p>кітапханашы</p>	<p>2-апта</p>
46	<p>«Өз құқығыңды білесің бе?».</p> <p>Құқықтану мәселелері бойынша</p> <p>викторина ойыны</p> <p>(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы)</p>	<p>Әдістемелік әзірleme,</p> <p>әлеуметтік желілерде жариялау</p>	<p>Директордың тәрбие жұмысы</p> <p>жөніндегі орынбасары</p> <p>кураторлар</p> <p>құқықтану пәнінің оқытушысы</p> <p>Заңгер</p>	<p>2-апта</p>
<p>Апта дәйексөздері: Әділ заң – аспан тірегі</p>				
47	<p>«Қауіпсіз интернет». Тақырыптық</p> <p>сағат.</p> <p>(«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»</p> <p>жобасы)</p>	<p>Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік</p> <p>желілерде жариялау</p>	<p>Директордың тәрбие жұмысы</p> <p>жөніндегі орынбасары</p> <p>Кураторлар</p> <p>Ақпараттық технологиялар</p> <p>бөлімі</p>	<p>3-апта</p>
48	<p>«Жастық шақ – мүмкіндіктерге</p> <p>толы уақыт».</p> <p>Суреттерден жасалған КОЛЛАЖ</p> <p>конкурсы.</p>	<p>Әлеуметтік желілерде жариялау,</p> <p>жұмыс материалдары</p>	<p>Директордың оқу-тәрбие</p> <p>жұмысы жөніндегі</p> <p>орынбасары, кураторлар,</p> <p>жастар істері жөніндегі</p>	<p>3-апта</p>

			инспектор	
Апта дәйексөзі: Тәртіпсіз ел болмайды				
49	«Денсаулық және мен: темекінің зияндылығы». Кураторлық сағат.	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
50	«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі». Әкелерге арналған шебер сабағы	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Даналық мектебі кураторлар	4-апта
Ақпан Жасампаздық және жаңашылдық				
Апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге				
51	«Қоғамдық мүлікті қорға» Вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар жасау. («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Емдеу ісі-1 бөлімі Кураторлар	1-апта
52	«Жақсы мінез – сарқылмас байлық». Дөңгелек үстел	Әдістемелік әзірleme, Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Арнайы фармациялық пәндер бірлестігі кураторлар	1-апта
Апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала				
53	«Сен және Заң». Дебат	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,	2-апта

	(«Ұшқыр ой алаңы» жобасы)		кураторлар, Заңгер Жастар, дебат клубы	
54	«Досыңа кітап сыйла». Челлендж. («Балалар кітапханасы» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, кітапханашы	2-апта
Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер				
55	Техникалық шығармашылық форматында жасалған инновациялық идеялардың «Startup» конурсы («SMART BALA» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, АП-1 бірлестігі кәсіпорын басшылары	3-апта
56	«Өмірге салауатты қадам». Жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстары арқылы) таралуының алдын алу бойынша түсіндіру іс-шаралары Құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесу. («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, Колледж медбикесі, әлеуметтік педагог, құқық қорғау органы қызметкерлері	3-апта
Апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы				
57	«Түлектердің ағаш егуі». Экочеллендж («Қамқор» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Колледж әкімшілігі, Емдеу ісі-2 бөлімі кураторлар	4-апта
58	Алғыс айту күніне арналған	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік	Директордың тәрбие жұмысы	4-апта

	шаралар: 1. «Мың алғыс...». Кураторлық сағат 2. «Туған жерім – жүрегімде!». Білім алушылардың арасынан түрлі этнос өкілдерінің құттықтау челленджі.	желілерде жариялау	жөніндегі орынбасары Қолданбалы бакалавр бөлімі кураторлар,	
Наурыз Тәуелсіздік және отаншылдық				
Апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)				
59	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы. Колледж ауласын тазалау («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
60	«Ананың аялы алақаны». Челлендж. («Шабыт» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Фармация бөлімі Кураторлар	1-апта
61	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды». Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
Апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік				
62	«Жер сағаты». Экологиялық акция («Қамқор» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта
63	«Кітаптар желісімен түсірілген фильмдер». Отандық авторлар	Әдістемелік әзірleme, видеоматериал,	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,	2-апта

	шығармаларының виртуалды әлеуметтік желілерде жариялау көрмесі. («Оқуға құштар колледж» жобасы)		Арнайы стом.пәндер бірлестігі кураторлар	
Апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады				
64	«Ұлттық сезім». Ұлттық мәдениетті және ұлттық киімді танымал ету флешмобы	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Жастар комитеті Арнайы МІН -2 бірлестігі кураторлар	3-апта
65	«Өнерлі өрге жүзер». Оқушылардың қолынан шыққан бұйымдар көрмесін ұйымдастыру. («Шабыт» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
66	Наурыз мерекесіне арналған шаралар: 1. Наурыз – құт-береке бастауы!». Бауырсақ-party 2. «Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы!». Мерекелік шара	Сценарийлер, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	3-апта
67	«Күй күмбірі» Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша)	Домбырашылар челленджі	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Мейіргер ісі бөлімі кураторлар	Наурыздың 3 аптасы
Апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең				
68	«Ғаламатты ғалымдарға -100	Сценарий,	Директордың тәрбие жұмысы	4-апта

	<p>ЖЫЛ»- Қазақ тілтанушысы, филология ғылымдарының докторы Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызының туғанына 100 жыл (17.08.1924–04.07.2020) -Тарихшы–этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл (21.09.1924–08.08.1998) -Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл (13.10.1924–1992). -Қазақ тіл білімі–түркітанушы Абдуали Қайдаровтың туғанына 100 жыл</p>	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	жөніндегі орынбасары, ЖБП-1 бірлестігі бірлестігі кураторлар	
69	«Бала тәрбиесі – ортақ міндет». Ата-ана сағаты («Саналы ата-ана»жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	4-апта
<p>Сәуір Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік</p>				
Апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)				
70	«Жастық шақтың жарқын бейнелері». Жайдарман байқауы («Шабыт» жобасы)	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау,	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Емдеу ісі-3 бөлімі кураторлар, Жастар инспекторы	1-апта
71	«Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап»	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі	1-апта

	Кураторлық сағат		орынбасары, кураторлар	
Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)				
72	«Денсаулық фестивалі». 7 сәуір күніне арналған спорттық шаралар	Жұмыс жоспары, әлеуметтік желілерде жариялау, спорт жарыстарының хаттамалары	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, ЖБП-3 оқытушылары	2-апта
73	«Білім – ең мықты қару». Дебат. («Ұшқыр ой алаңы» жобасы) Білім саласының ардагерлерімен кездесу	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ЖШП бірлестігі кураторлар	2-апта
74	«Экостильдегі өмір». Экологиялық сағат. («Қамқор» жобасы)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта
Апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар				
75	«Мамандықтар әлемі». Бейнероликтер, презентациялар байқауы («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар АП-3 бірлестігі	3-апта
76	«Сапта жүру және ән айту» байқауы («Шабьт» жобасы)	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Жас сарбаз Кураторлар	3-апта
77	«Өмір, мен сені сүйемін!» Плакаттар, суреттер конкурсы («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ЖКП-2 бірлестігі Психологтар	3-апта

			кураторлар	
Апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер				
78	«Ата-ананың тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды". Жалпы ата-аналар жиналысы	Хаттама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Топ секция жетекшілері кураторлар	3-апта
79	«1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне» арналған «Гүлдене бер, туған жерім!». Кураторлық сағат.	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ЖБП-2 бірлестігі кураторлар	3-апта
Мамыр Бірлік және ынтымақ				
Апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ				
80	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмірсүреді! Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл. Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	1-апта
81	«Жас Сарбаз». Әскери-патриоттық ән фестивалі» («Шабьт» жобасы)	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Жас сарбаз кураторлар, жастар істері жөніндегі	1-апта

			инспектор	
Апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ				
82	«Ата-ананың тәрбиесі – бала мінезінің іргетасы». Ата-ана сағаты	Жоспар, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Арнайы МІН-1 бірлестігі кураторлар, психолог	2-апта
83	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы: Колледж ауласын тазалау («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар	2-апта
Апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)				
84	«Жаман әдет жастарға жат» Суреттер байқауы	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ЖКП-1 бірлестігі кураторлар,	3-апта
85	«Туған жердің тұлғалары». Жергілікті ақындармен кездесу кеші.	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, кітапханашы,	3-апта
Апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/				
86	«Ұлтын сүйген ұлыларға-130 ЖЫЛ» -Ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл (1894–1938) -Мемлекет және қоғам қайраткері	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, ӘӘП-бірлестігі кураторлар	4-апта

	<p>Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл (10.09.1894–1939)</p> <p>-Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл (15.10.1894–25.02.1938)</p> <p>-Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл (15.11.1894–26.02.1938)</p> <p>-Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл (1894-1943)</p>			
87	«Менің сүйікті кітабым». Кітапхана қвилті: жыл қорытындысын шығару	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, кітапханашылар	4-апта
Маусым Жасампаздық және жаңашылдық				
Апта дәйексөзі: Ең берік қамал – Отанға деген сүйіспеншілік				
88	Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз». Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог	1-апта
89	Ел Рәміздері – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі. Салтанатты шара	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кураторлар АП-2 бірлестігі психолог	1-апта
Апта дәйексөзі: Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары				

90	«Таза сессия» акциясы: 1. «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ». Құзырлы орган қызметкерлерімен кездесу. 2. «Біз жемқорлыққа қарсымыз». Кураторлық сағат. 3. «Жемқорлыққа жол!» Студенттерден сауалнама алу («Саналы ұрпақ» жобасы)	Хаттама, әдістемелік әзірleme, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, құзырлы орган қызметкерлері, Студенттік парламент Студенттер Альянсы	2-апта
Апта дәйексөзі: Жасампаз халық болуымыз қажет. (Қ.К.Тоқаев)				
91	«Нашақорлық маған жат!». Құқық қорғау органы қызметкерлерімен, нарколог-дәрігерлермен кездесу (алдын алу шаралары «Өмірге салауатты қадам»)	Хаттама, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, дәрігер-нарколог, жергілікті құзыретті орган өкілдері	3-апта
92	Оқу жылының қорытындысын шығару: белсенділер мен жеңімпаздарды марапаттау	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Колледж әкімшілігі, кураторлар	4-апта